«Айша» балабақшасы

БЕКІТЕМІН

Балабақша меңгерушісі
А.А Амиргалиева

«Күншуақ» ересек тобына арналған 2023 – 2024 оқу жылының циклограммалары

Тәрбиеші: А.А Балмақанова

2023 – 2024 оқу жылы

Сканировано с CamScanner

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: “Айша» балабақшасы
Топ: “Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі**	**Сейсенбі**	**Сәрсенбі**	**Бейсенбі**	**Жұма 01.09.2023**
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары* ***(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)***				
					Дидактикалық ойын:«Салыстыр» Мақсаты:әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; **(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				
					Демалыс күндердегі баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру

					туралы ақыл кеңес жүргізу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)					**«Боямақтарды бояу» Мақсаты**:Балалардың дербес тәжірибелік әрекеттерімен байланысты эстетикалық қабылдауын дамыту **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Таңертенге жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				
	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені 1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет 2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру. 3. Жүру, шеңберге тұру. 4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау. 6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу. 7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет.				

	8. Бір тізбекпен жүру				
Таңғы ас	**Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, **Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: Дос бол сабын суменен Жуын күнде су мен сен Жуынсаң сен әрдайым Таза бетің, маңдайың **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.**				
					«Құрылысшылар» Мақсаты:Сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруға үйрету; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет					**Дене шынықтыру(таза ауада)** **Тақырыбы: «**Аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру» **Міндеттері:** Бір

					орында оңға, солға бұрылып секіруді, бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруді қалыптастыру. **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** Басқа ,иыққа,белге,аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы** Араның дыбысын салу. -з-з-з 4**.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бір орында оңға, солға бұрылып секіру; 2. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру; **5.Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап»

					Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Балаларды мадақтау. Қортынды.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен					**Серуен №2** **Бақылау:**Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін :шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату**.** **Еңбек**:Ойын алаңын қоқыстардан жинау **Мақсаты:**Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. **Жеке жұмыс:** Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)

					Мақсаты:Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативтік іс-әрекет)** **Қимылдық ойын:** «Соқыр теке». **Ойын барысы:** Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған «соқыртеке» жіберіледі.Қалғандары оны «соқыртеке бақ-бақ»,- деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса

					ұсталған адамның көзі байланып «соқыртек» болады.Ойынщыларды ң көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттайды.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. **Дербес ойындар:** **«Тәтті бәліш»** **Мақсаты:** сазбалшықтың,кесектер інен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **(мүсіндеу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**1.Әткіншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)**				
					Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата»

					Мақсаты: Балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметті к іс-әрекет)**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)** **Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану. **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
					Ас ішу тәртібі:Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
					«Бесік жырын» тыңдату» **(музыка,шығармашл**

					ық дағдыларын дамыту
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру**) (дене белсенділігі,физикалық дағдыларын дамыту)**				
					2. Керует жанындағы жаттығулар Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық, Ұйқымызды ашайық.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				
					Ас мәзірімен таныстыру Балалардың назарын тағамға аудару.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды					**«Кішкентай бағбан»(әңгімелеу)** **Мақсаты:** Балаларың суретке

ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)					қарап бағбанның кім екенін айтуға қалыптастыру. Бақтағы жұмыспен таныстыру.Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге қалыптастыру **«Дәмді алма» Шығармашылық шеберханасы** **Мақсаты:** Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. **(көркем әдебиет,коммуникативтік іс-әрекет,жапсыру шығармашылық іс-әрекет)**
Балалармен жеке жұмыс					**Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»** **Мақсаты:** Отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру.

					(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметті к дағдыны дамыту) Аяулым, Нариман, Асылхан, Ержігіт, Мариям, Күнімхан, Реджеп
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен					**Серуен №2 Бұлтты бақылау**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: “Айша» балабақшасы
Топ: “Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09-08.09.2023 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	**Дүйсенбі 04.09.2023**	**Сейсенбі 05.09.2023**	**Сәрсенбі 06.09.2023**	**Бейсенбі 07.09.2023**	**Жұма 08.09.2023**
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары* ***(сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)***				

	Дидактикалық ойын: «Қандай пішінге ұқсайды» **Мақсаты:** пішіндерді атауға,тануға үйрету.Геометриялық пішіндерді танып атай білуге үйрету; **Шарты**: балалар суреттерді ,сәйкес пішінмен сәйкестендіреді **«Пішіндер»** **Мақсаты**:Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету **(математика негіздері,танымдық іс-әрекет,сурет салу,шығармашылық іс-әрекет)**	**Құрылыс материалдарымен ойын** **Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**«Көпір»** **Құрылыс материалдарымен ойын** **Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, ағаш кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Дидактикалық ойын:«Өзім және отбасым»** **Мақсаты**:Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; **Ойын шарты**: суреттер бойынша әңгіме жүргізу. Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешең, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады. **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын: «Қандай пішін жоқ»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш)танып, ата білуге үйрету; **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)**
Ата-аналармен	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер				

әңгімелесу, кеңес беру	Ата- аналардың балаларды балабақшаға кешікпей әкелуін қадағалау	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезінд егі өзгерістер туралы әңгімелесу.	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру	«Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**«Менің қалам» Мақсаты**:Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды үйретуді жалғастыру; **(құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**«Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Мақсаты:**Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру Көрнекіліктер: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның барысы: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп,	**Дидактикалық ойын:«Пішіндерді орналастыр» Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш)танып,ата білуге үйрету. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту) «Мамандықтарды ата» Мақсаты**:Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байыту;	**Дидактикалық ойын: «Бұл не?» Мақсаты:**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларды дамыту)** «Дәмді алма»	**«Боямақтарды бояу» Мақсаты**: Түстерді ажырата білуге үйрету; Бейнелеу дағдыларын қалыптастыру; **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)** **Құрылыс материалдарымен ойын Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды

		пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту)**	**(сөйлеуді дамыту,комуникативті дағдыларын дамыту)**	**Мақсаты:** Көкөністермен жемістерді, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру;Саусақ бұлшықеттерін дамыту,әсемдікке баулу **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Таңертенге жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.				
	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені 1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет 2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру. 3. Жүру, шеңберге тұру. 4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау. 6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу. 7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет. 8. Бір тізбекпен жүру			
Таңғы ас	**Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, **Еңбек дағдылары** :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)				

	Гигиеналық процедулар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: Дос бол сабын суменен Жуын күнде су мен сен Жуынсаң сен әрдайым Таза бетің, маңдайың **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.**				
	Шаттық шеңбері Қол алысып, қәне, біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру! Қандай жақсы дос болу!	**Дидактикалық ойын:Қандай пішінге ұқсайды»** **Мақсаты:** заттарды пішіндеріне қарай ажыратады Ойлау қабілеттерін дамыту, Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш) танып,ата білуге үйрету; Шарты: заттардың пішініне қарай төрт топқа бөлу.	**«Боямақтарды бояу»** **Мақсаты**: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**«Биік ғимараттар»** **Мақсаты.**Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруға үйрету; **(құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Дидактикалық ойын:« Көлік түрлері»** **Мақсаты:** Жақын маңайдағы заттарды ажыратып,атай білу дағдыларын жетілдіру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)**

		(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)			
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет	**Музыка** (маман жоспарына сай) **(Шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бірқалыпты секіру» Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруге, Бір орында тұрып, екі аяқпен секіруді (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіруді). Допты домалатып, қағып алуды, лақтыруды үйрету **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу	**Дене шынықтыру Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруге, Бір орында тұрып, екі аяқпен секіруді (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіруді). Допты домалатып, қағып алуды, лақтыруды үйрету **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:**	**Музыка** (маман жоспарына сай) **(Шығармашылық дағдыларды дамыту)**	**Дене шынықтыру(таза ауада) Тақырыбы: «**Бір орында оңға, солға бұрылу» **Міндеттері:** Бір орында оңға, солға бұрылып секіруді, бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіруді қалыптастыру. **ҰІӘ өту барысы:** 1.Сапқа тұру 2. Сәлемдесу Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар:** -Басқа -иыққа -белге -аяққа

		Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру **3.Негізгі бөлім:** **Жалпы дамыту жаттығулар:** -Басқа -иыққа -белге -аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы:** шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. 4**.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жұрумен	**Жалпы дамыту жаттығулар:** Басқа -иыққа -белге -аяққа арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы:** Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару 4**.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру (2–3 рет жұрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру).		арналған жаттығулар; **Тыныс алу жаттығуы** Аранның дыбысын салу. -з-з-з 4**.Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары** 1. Бір орында оңға, солға бұрылып секіру 2. аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру **5.Қимылды ойын:** «Өз үйіңді тап» **Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. **Қажетті құралдар:** түрлі-түсті дөңгелектер **Ойын барысы:** Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер

		кезектестіре отырып, 10 рет секіру). 3.Допты домалату, қағып алу, лақтыру **5.Қимылды ойын:** Допты тордан лақтыр 9 **Мақсаты:** Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке,шапшаңдыққа үйрету. **Шарты:** Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады.Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек.Тәрбиеші жерге түскен допты санап отырады.Қай	3.Допты домалату, қағып алу, лақтыру **5.Қимылды ойын:** Қимылды ойын: « Ит пен қоян » **Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. **Шарты**: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», « қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. Балаларды мадақтау,шеңбер		таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу. Балаларды мадақтау,шеңбер бойымен жүру.Қорытынды

		топта доп көп жерге түсе сол топ жеңіледі Балаларды мадақтау,шеңбер бойымен жүру.Қорытынды	бойымен жүру.Қорытынды		
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**Серуен № 3** **Бақылау** Құстарды бақылау. **Мақсаты:**Күзде құстардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.Балаларды заттық әлеммен таныстыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)** **Еңбек**:Құстарға жем сауыт жасау.	**Серуен№4** **Бақылау:** Желді бақылау. **Мақсаты:** Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру**.** **Еңбек**: «Әдемі гүлдер» **Мақсаты:**Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерг	**Серуен №5** **Бақылау:** Көшедегі машиналарды бақылау. **Мақсаты:** Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру.Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігі мен түсіндіру.Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс	**Серуен №6** **Бақылау:**Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».**	**Серуен №7** **Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек**:Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс: «Күзгі жапырақ» тақпақ**

	Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. **Жеке жұмыс,тақпақ жаттау** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту**(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)** Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті,	е қамқор болу, аялау, күту. **Жеке жұмыс:** Тақпақ. «Жел» **Мақсаты:**Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)** Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **Қимылды ойын:** «Орамал тастау».	сақтап жүруге үйрету. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту)** **Еңбек**: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. **Мақсаты:** Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. **Жеке жұмыс:** « Алтын күз» тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет	**Мақсаты:** «Ү» дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап **Қимылды ойын**: « Ұшты-ұшты » **Мақсаты**: Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Қол мен аяқ қимылын үйлестіруге, бой түзулігін дұрыс сақтауға қалыптастыру; **(физикалық дағдыларын дамыту)**	Қыстың жақын қалғанын, Жапырақтар сезгендей. Желмен ұшып барады, Жерге қонып үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті іс-әрекет)** **Ойын:** «Аю жүрген орманда». **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-

	Ұшып кетті тырналар. **Дидактикалық ойын:** «Күзде не киеміз?» **Мақсаты:**Күз мезгіліне байланысты адамдардың киім кию үлгісін көрсете түсіндіру. **Қимылдық ойын:** «Аттамақ». **Мақсаты**:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіруге үйрету; (**физикалық дағдыларын дамыту)** **Ойын барысы:** Бұл ойында үш жіпті керіп ұстап тұрады.Бріншісі-төмен ,оны аттап өту керек, екіншібиік, оны еңкейіп, үшіншісіінен тағы	**Мақсаты**: Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту. **Ойын барысы:**Орамал тастау ойыны қатысушылар араласа шеңбер құрып отырады.Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады.Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда бастаушы оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп, оның артына қолындағы орамалды тастап кетеді.Егер қайта айналып келгенде	бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қорын молайту. **Қимылды ойын:** «Ұшты-ұшты» **Ойын барысы:** Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты»,-дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі.Үшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға,үйрек-бүйрек, кептер-кепсер, көже-шөже, іркіт-бүркіт болып	**Шарты**: Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт.Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де , ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты қарға ұшты (қол көтереді) Ұшты-ұшты арба ұшты Осылайша жүргізілген ойында жаңылмаған ойыншы жеңеді. **Балалардың өз бетімен ойнауы:**	белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғанда р тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады. **Балалардың өз бетімен ойнауы: «Түрлі пішіндер»** 1. Мақсаты:үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін ескере отырып,мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **(мүсіндеу,шығармашылық**

	да аттап өту керек.Әуелі ойыншыны алып келіп, осы жіптерден өткізіп , содан соң көзін байлап, бір айналдырып қояберу керек.Ойын басқарушының белгісімен жіпті керіп ұстап тұрған адамдар жіпті жинап , алады, ал ойыншы өзінше әрекеттеніп аттап жүреді. 1.**Сазбалшықтан «қала» жасайық** **Мақсаты:** сазбалшықтың, кесектерінен мүсіндеудің келесі дағдыларын қалыптастыру: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу **(мүсіндеу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқаоушы оны орамалмен ұрғылайды.Ал, егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса , бастаушыны қууға тиіс.Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалғанорынға келіп отырады. **Дербес ойындар:** 1. «Желмен жарысайық» 2. **«Менің әдемі үйім (асфалқа түрлі түсті бормен сурет салу)** **Мақсаты:** Борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет	айтылады.Есек ұшты, есік үшты, етік үшты, бесік ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. **Дербес ойындар: «Әртүрлі пішіндер»** **Мақсаты:** Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып сазбалшықтан мүсіндеуге үйрету**.(мүсіндеу, шығармашылық дағдыларын дамыту)** «Мені қуып жет»дербес ойын	1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау**.**	**дағдыларын дамыту)** 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ

	2. «Тәтті тоқаштар» пісірейік**.**	салудың техникасын жетілдіру. (**сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)**			
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл жаттығулары ,санамақтар қайталау т.б**. (көркем әдебиет , ойын әрекеті,еңбек қызметі)**				
	«Үйшік»ертегісі Мақсаты:Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. **(көркем әдебиет,коммуникативтік дағдыларын дамыту)**	**«Түрлі түсті шарлар» Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Еп тілікке ұқыптылыққа баулу; **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту;)**	**«Күз тамаша»** әнін жаттау,қайталау; **(музыка,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**«Кел санайық балақай» Мақсаты:** 5 көлемінде ұстарту санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)**	**«Күзгі жапырақ» Мақсаты**: Күз мезгіліндегі өзгерістер туралы түсінік бере отырып,жапырақты жабыстыруға үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыр **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі)** **Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану.				

	Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
	Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту)	**Ойын- жаттығу:** Астың алды үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру	**Ас ішу тәртібі:**Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **(тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **(көркемдік қызмет)**				
	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі қою. «Арыстан мен тышқан»	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау,**шығармашылық дағдыларын дамыту)**	«Бесік жырын» тыңдату» **(музыка,шығармашлық дағдыларын дамыту)**	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы жағдай жасау (баяу музыка тыңдау).	«Бесік жырын» тыңдату» **(музыка,шығармашлық дағдыларын дамыту)**
Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары	Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру**) (дене белсенділігі,физикалық дағдыларын дамыту)**				
	3.Шынықтыру шарасы. Әдемі ірек жолдармен Лақтарша біз ойнақтап Тастан-тасқа секіріп	**4.Демалуды қалыпқа келтіру** Демді қалыпқа келтіру. Қол ұстасып тұрайық, Шеңберді біз	**5.Керуеттегі жаттығулар** Балалар ұйқыдан оянады. - Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына	**6.Керуеттегі жаттығулар** - Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын	7. **Керует жанындағы жаттығулар** "Құстар" 1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою.

	Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі Массаж жасау білеміз. Арнайы жолдармен жүру.	құрайық, Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық!.	созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару. - Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу.	көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру. - Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд. - Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу.	Қолдарды жан- жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту.
Бесін ас	Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **(сөйлеуді дамыту)**				
	Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту Ас қайтару **Бата** Асқа берекет Адамға қанағат Айдан аман ет Жылдан есен ет	**Таза және ұқыпты тамақтану.** Тамақтану мәденетін қалыптастыру	**Мәдениетті тамақтануға баулу** Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету.	**Ас мәзірімен таныстыру** Балалардың назарын тағамға аудару.	**Мәдениетті тамақтануға баулу**. Келген асты алдыңа , Тауысып іш қалдырма. Астарың -дәмді болсын!- балалар! «Рахмет!» сөздерін үнемі айтуға дағдыландыру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу	**«Күзгі ағаштар»** **Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және	**«Бауырсақ» ертегісі**	«Ойыншықтар» өлеңі. Н. Әлімқұлов.	**«Дәрумендер»** **Мақсаты:** Кейіпкерлердің	**Дидактикалық ойын: «Оюлы сырмақ»**

қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)	пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Мақсаты**:Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету **Шығармашылық шеберханасы** **Мақсаты:**Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып бауырсақты мүсіндеу; **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет,мүсіндеу, шығармашылық іс-әрекет)**	**Мақсаты:** Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, туралы түсініктерін қалыптастыру. **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)** **«Менің ойыншығым»** **Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.ойыншықтар туралы түсінік беру. **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)** **«Қызанақ»** **Мақсаты:** қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Қиялдарын дамыту,әсемдікке баулу **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)**	**Мақсаты**:Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.Ою түрлерімен таныстыру **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)**

Балалармен жеке жұмыс	**Дидактикалық ойын:«Атауын тап!»** **Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **(коммуникативті дағдыларын дамыту)** **Аяулым, Нариман, Асылхан, Ержігіт, Мариям, Күнімхан, Реджеп**	5 көлемінде санай алуды, сандарды ретімен атауды үйретуді жалғастыру. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)** **А.Амина, Аяулым, Аяулым, Нариман, Асылхан, Ержігіт, Мариям, Күнімхан, Реджеп**	Үй жануарларын және олардың төлдерін, үй құстарын атауға қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту)** **Самир,Зарина**	Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсуге, олардың өтініштерін орындауға дағдыландыру**;** **(коммуникативтік дағдыларын дамыту)** **Арман,Ақнәзік**	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **(Физикалық дағдыларын дамыту)** **Аяулым, Нариман, Асылхан, Ержігіт, Мариям, Күнімхан, Реджеп**
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)**				
Серуен	**Серуен №3**	**Серуен №4**	**Серуен №5**	**Серуен №6**	**Серуен №7**
Балалардың үйге қайтуы	Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: “Айша» балабақшасы
Топ: “Күншуақ» ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 11 - 15 қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 11.09.2023	Сейсенбі 12.09.2023	Сәрсенбі 13.09.2023	Бейсенбі 14.09.2023	Жұма 15.09.2023
Балаларды қабылдау	*Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***(сөйлеуді дамыту-көммуникативтті іс –әрекет)***				
	Құрылыс материалдарымен ойын. Мақсаты**:** текше мен кірпіштерді пайдаланып үй жиһаздарың құрастыру. (кірпіштерді көлденеңінен және тігінен орналастыру) **(құрастыру-шығармашылық іс - әрекет)**	**Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»** Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. **(қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, әлеуметтік іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын «Бұл қай мамандық?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байыту. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, іс–әрекет).**	**Үстел- үсті ойыны: «Көкөністер мен жемістер»** лото. Мақсаты: Балаларды жемістер мен көкіністерді ажыратуға үйрету. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-әрекет)**	**Дидактикалық ойын: "Заттарды салыстыр"** Мақсаты: Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері, танымдық ойын)**
Ата-аналармен	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер.				

әңгімелессу, кеңес беру	Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу**.**	Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»	«Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	**Дидактикалық ойын: «Пішінің тап және мүсінде».** Мақсаты Заттардың пішінің ажыратуға, геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш танып, атай білуге үйрету; ермексаздың, кесектерінен , дөңгелек пішінді заттарды мүсіндеуге машықтаңдыру. (**математика негіздері - танымдық-ойын; мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)**	**Дидактикалық ойын : «Суретшінің қатесін тап»** Мақсаты: Балаларды берілген суреттерді салыстыра отырып, қатесін таба білуге үйрету. Балалардың зейінің дамыту **(сурет салу-шығармашылық – зерттеушілік қызмет) Дидактикалық ойын «Мамандықты ата»** Мақсаты: Балаларды сурет бойынша адамдардың мамандықтарының	**«Кітап бұрышына саяхат»** Мақсаты: әдеби шығармаларда бейнеленген табиғат, қоршаған орта оқиғалары туралы түсініктерін қалыптастыру. **(көркем әдебиет, коммуникативті дағдыларды дамыту) Дидактикалық ойын: «Киімдерді ажырат!»** Мақсаты: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Киімдерді	**«Түрлі-түсті қарындаштар»** Мақсаты: балалардың қарандаштармен сурет салу техникасын жетілдіру**. (сурет салу шығармашылық ойын.) Дидактикалық ойын: «Әдемі сандық»** Мақсаты: Балалардың тілін дамыту. Тұрмыстық заттар мен қоршаған орта заттарының қолдану маңыздылығын түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту,**	**Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет?»** Мақсаты: Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; отбасы мүшелерінің атқаратын қызметі туралы білімдерін жетілдіру. **(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Дидактикалық ойын: «Жапырақтар»** Мақсаты: балаларды жапырақтарды ажыратуға үйрету; қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді

	«Шалқан» ертегісі Мақсаты: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. **(коммуникативтік іс–әрекет, көркем әдебиет)**	атауларын табуға және атауға баулу. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет)**	ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік эмоционалды дағдыны дамыту)**	**коммунаикативті к іс-әрекет) Дидактикалық ойын «Бөлшегін тап,ата»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттардың (машинаның) бөліктерін білдіретін сөздермен байыту. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет).**	қалыптастыру **(жапсыру-шығармашылық іс-әрекет) Дидактикалық ойын «Кім не істейді?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байытуды жалғастыру. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет).**
Таңертенге жаттығу	Таңеттеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).** Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары .				
	Қыркүек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені 1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет 2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру. 3. Жүру, шеңберге тұру. 4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау. 5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау.				

	6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу. 7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет. 8. Бір тізбекпен жүру.				
Таңғы ас	**Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау** (мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары) **Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу) **Гигиеналық процедулар** (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнының білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың») **Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	**Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.**				
	Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық» Мақсаты: сипап – сезу арқылы, заттарды ажырата білуге, атауға үйрету. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді	**Дидактикалық ойын: «Топтастыр»** Мақсаты: Заттарды пішініне қарай топтастыруға, геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш танып, атай білуге үйрету;	**Дидактикалық ойын: «Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?»** **Мақсаты:**әр түрлі түстен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру ,үш бұрышты пішіндерді дұрыс пайдалана	**Дидактикалық ойын: «Кел, санайық!»** **Мақсаты:** 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдысын қалыптастыру. (**математика**	**«Бұл қай ертегі»** **Мақсаты**:суреттер бойынша таныс ертегілерді атауды және олар бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету. Көркем шығармаларды эмоционалды

	дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту-ойын,коммуникативтік іс –әрекет). Артикуляциялық жаттығу «Әндетіп айт». Мақсаты:** Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. **(қазақ –тілі, коммуникативтік іс-әрекет)**	**математика негіздері - танымдық-ойын) «Көңілді доптар»** Мақсаты: Ермексаздың кесектерінен дөңгелек пішіндегі заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **(мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)**	отырып құрастыра білу дағдыларын дамыту, мысалы: үй,үйшік, кілемше т.б.)кеңістікті толық пайдалана отырып жапсыра білу дағдыларына машықтандыру. **(математика негіздері , құрастыру: танымдық-ойын, шығармашылық іс –әрекет).**	**негіздері - танымдық-ойын) Аз қимылды ойын:** «Ұшады, ұшпайды» **Түрлі-түсті жолақшалар** Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)**	қабылдай білуді дамыту. **(Көркем әдебиет-ойын,коммуникативтік, шығармашылық іс –әрекет). Артикуляциялық жаттығу «Ненің әні». Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. (Судың әні – с-с-с; Қоңыздың әні – ж-жж; Желдің әні – ш-ш-ш; Масаның әні – з-з-з) **(сөйлеуді дамыту коммуникативтік іс-әрекет)**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыр	**Музыка (маман жоспарына сай)**	**Дене шынықтыру Тақырыбы:** Қос аяқпен секіру. **Міндеттері:**	**Дене шынықтыру Тақырыбы:** Қос аяқпен секіру. **Міндеттері:**	**Музыка (маман жоспарына сай)**	**Дене шынықтыру Тақырыбы:** Допты бастан асыра лақтыру.

ылған, іс-әрекет		Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру;	Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:** 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру		**Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар.** **Негізгі қимылдар:**

		Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). Қимылды ойын: «Кім жылдам?». Мақсаты: Балаларды белгі бойынша шапшаң қимылдауға, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге дағдыландыру.	және қағып алу (1,5 м қашықтықта) Қимылды ойын: «Бәйге» Мақсаты: балаларды тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру. **Қазақ-тілі (394 бұйрық негізінде) (маман жоспарына сай)**		2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан) Қимылды ойын: «Үнсіз өт» Мақсаты: балаларды нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Ретімен киіну **(ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **(сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ мотериканы дамыту)**				
	«Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу	«Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу	«Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну	«Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау	«Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту.
Серуен	№3	№4 Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты:	№,5 Бақылау:Көшедегі көліктерді бақылау.	№6	№7 Бақылау:Ауа-райын бақылау.

	Бақылау:Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау. Мақсаты: Күзде құстардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек:Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Аттамақ». Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу. **(Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді дамыту)**	Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Тақпақ. «Жел» Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп	Мақсаты: Көшедегі көліктердің жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру Көліктер адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Көлікке қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Қимылдық ойын: « Ақ қояным» Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. **Асфальт үстінде сурет салу.** (дөңгелек пішінді заттар) Мақсаты: дөңгелек пішіндегі таныс заттарды және өзіне	Бақылау:Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру. Еңбек: «Біздің ойыншықтар». Мақсаты:Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға,мұқияттылыққа үйрету. Қимылдық ойын: «Жүзік салу» Мақсаты: Балалардың зейінің дамыту. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. **(Дене шынықтыру, физикалық**	Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалықа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи». Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау. Тренинг: «Біз біргеміз».

	Құм бетінде сурет салу. «Таяқшалар» Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. **(сурет салу, шығармашылық іс-әрекет)** Дербес ойындар: 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз.	билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)** Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек». Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдық қа баулу. Дербес ойындар: «Желмен жарысайық»	тән ерекшеліктерін ескере отырып, елестетуі бойынша салу дағдыларын қалыптастыру. **(сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)** Балалардың өз бетімен ойнауы: Қуаласпақ	**қасиеттерді дамыту)** Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу.	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру.				
